

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 4 (9322) | 1954 жылғы 6 январь Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарыс

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығын және ең алдымен қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар және кәзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті екенін атап көрсетті. Сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілгеніндей, облысымызда мал шаруашылығының артта қалуының елеулі себептерінің бірі—бірқатар колхоздар мен совхоздарда мал азығының берік базасы жасалмауынан, мал қыстату маусымының ойдағыдай ұйымдастырылмауынан болып келеді. Міне, бұл олқылықты дереу жою, сөйтіп, мал шаруашылығын шұғыл өркендету—бүгін таңдағы кезек күттірмейтін басты міндеттердің бірінен саналады.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының жұмыс тәжірибесі қоғамдық өнімді мал шаруашылығын ең және сала жағынан өркендетудің үлгілі өнегесін көрсетуде. Мәселен, Преснов ауданы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артөлі қоғамдық мал азығының берік базасын жасаудың, мал қыстату маусымын үлгілі өткізудің нәтижесінде өткен жылы бригаддық мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын қара малдан, қойдан және жылқыдан, шошқадан, құстар анағұрлым артығымен орындады. Бір жылда әрбір сауын сыйырдан 1838 литрден сүт алып, әрбір қойдан 2.427 грамм сүт алды. Озат мал өсірушілер: сауыншылар Е. Гребенюк, М. Кивтан, Н. Шевченко, бұзау күтуші Н. Бродовая, бақташы П. Еремін қоғамдық малдың санын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемелерін аброймен орындап, жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Колхоз қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау және оның өнімділігін арттыру арқылы мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі парызын мерзімінен бұрын өтеп, бұл өнімдердің артығын советтік сауда орындарына сатудан жарты миллион сомға жуық пайда көрді. Кәзір колхозда мал қыстату маусымы үлгілі ұйымдастырылуда. Мұнда мал азығы 25 майға дейін жетеді. Колхоз қоғамдық малға жабайы шөптен басқа 6.500 центнер концентрат, 4.500 центнер сүрленген шөп және ондаған центнер тамыржемистер болды. Мал фермаларында жай шөпті ұнтағын агре-

орындары ең алдымен үндеуді және облыстық партия комитетінің қаулысын талқылауға арналған жыйналыстарға тыңғылықты әзірлік жұмыстарын жүргізуге тиіс. Әрбір колхоз, совхоз, ферма бойынша мал күтімінің жайын, мал азығын өлшеп және әзірлеп берудің жайын терең біліп, жұмыстағы кемшіліктердің бетін батыл ашу қажет. Бұл жұмысқа колхозшылар бұқарасын, ең алдымен мал өсірушілерді, зоотехниктер мен мал дәрігерлерін көптеп қатыстыру керек. Осылай болған күнде ғана жыйналыс жоғары дәрежеде өтіп, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жөнінде бағалы ұсыныстар жасалуы мүмкін.

Үндеуді талқылауға арналған жыйналыстарда колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының төменнен болатын сыны кеңінен өрістетіп, қоғамдық малды күту, оның өнімділігін арттыру мәселелері жөнінде нақтылы шаралар белгіленуіне, пресновтықтардың шақыруы бойынша әрбір ферма бойынша, жеке мал өсірушілер бойынша социалистік міндеттемелер қабылдануына жетісу керек.

Бірақ, мұнымен де іс бітпейді. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын үнемі ұйымдастырып, оның барысын тексеріп отыру қажет. Фермадағы саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының барлық түрлерінің әсері, міне, осы талапты орындау мақсатына бағытталуы тиіс. Үгітшілердің әңгімелерінде, жауынгерлік листоктарда мал өсірушілердің социалистік жарысының барысы жыйнақталып, озаттардың тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылатын болуы керек. Мал дәрігерлері мен зоотехниктер мал өсірушілердің арасында үнемі болып, оларға қоғамдық малдың күтімін жақсарту, оның өнімділігін арттыру жөнінде кеңес беріп, ғылым мен озат тәжірибенің табыстары жөнінде әңгімелер өткізуге, баяндамалар жасауға міндетті.

Сонымен қатар, социалистік жарыстың барысы мал өсірушілердің өндірістік кеңестерінде, партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының жыйналыстарында жиі талқыланылып, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жөнінде қажетті шаралар кезінде белгіленіп отырылуға тиіс. Социалистік жарыс формальдықты, даурықпалы думанды көтермейді, ол партия, кәсіподақ және совет ұйымдарының бұқара арасындағы

## Мал қыстату—мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты кезең

Мал қыстатуды „Путь к коммунизму“ колхозының колхозшыларына ұйымдастырайық

### Мал шаруашылығын өркендете береміз

Біздің ферманың малшылары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді орындауға жұмыла отырып, мал қыстату маусымына дайындықты қызу қарқынмен жүргізді. Олар малды бүкіл қыс бойына жетерліктей жемшөппен, жайлы, жылы қоралармен қамтамасыз етті. Далада маяланған жемшөп түгелінен мал қыстайтын орындарға тасылып алынды.

Қысқы маусымның алғашқы күндерінен бастап, малға азықтың нормға сәйкестендіріліп берілуіне, оны алдын-ала нәрлендіріп, әзірлеп беруге баса көңіл бөлдіді. Бұл жұмыстың ойдағыдай болуы үшін ең алдымен малшылар арасында еңбек ұйымдастыру мәселесі жоғары қойылды. Мал күтуге тәжірибелі, істе сыналған колхозшылар тағайындалды.

Жақсы күтімнің нәтижесінде сауын сыйырлардың қондылығы мен сүттілігі арта түсуде. Мәселен, 1952 жылы әрбір сауын сыйырдан 700 литр сүт сауылса, 1953 жылы 1700 литр сүт алынды. Сыйырлардың сүттілігін арттыруда сауыншылар Б. Жоланова, М. Жылқайдарова, С. Әбішева жолдастар айта қаларлықтай еңбек етіп келеді. Жуырда олар әрбір 12 сыйырдан 12 бұзау алып, шығынсыз өсіргендері, қарамағындағы сыйырлардан сүт сауудың жылдық жоспарын асыра орындағандықтары үшін колхоз басқармасынан заттай сыйлықтар алды.

Мал өсірушілердің арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Еңбекте жаңа табыстарға жетіп жүрген озаттар қабырға газеттеріне, көрсеткіш тақталарға жазылып, колхозшылар жыйналыстарында атап көрсетілді. Озат шопандар Т. Садуақасов, Қ. Мұқыжанов, Е. Махметов жолдастардың іс тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылып, кеңінен насихатталады. Үгітші А. Сералина жолдас малшыларға үкмет пен партияның мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулысын түсіндіріп, ол қаулы-

Миллиондаған адамдарды Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің ілімімен қаруландыру, коммунистердің революциялық теорияның мәнін творчестволықпен ұғынуына жету—партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі.

## Малға қамқорлық күшейтілсін

Петропавл ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қаулысын ойдағыдай іс жүзіне асыруда. Қысқы маусым басталысымен Сталин атындағы, Киров атындағы, «Луч Ленина» колхоздарында қоғамдық малға қамқорлық бұрынғыдан да күшейтіле түсті. Бұл шаруашылықтардың малшылары малды жылы, жарық және таза қораларға орналастыруға жете назар аударды. Жемшөп те мол дайындалды. Мал азығы балансының едәуір бөлегі жай шөппен қатар сүрленген шөп және концентрат. Мұның барлығы малдың қондылығы мен өнімділігі артуына мүмкіншілік жасады. Мәселен, 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы мал шаруашылығының табысы екі—үш есе өсті.

Алайда, ауданның көптеген колхоздарында малды қолда бағу ісі нашар ұйымдастырылып отырылғанын жасыруға болмайды. Мысалға Фрунзе атындағы колхозды алайық. Бұл—аудан көлемінде мал шаруашылығы басым колхоздардың бірі. Сондықтан да колхоз басшылары мал бақсын сақтау, оның өнімділігін көбейтудің тиісті жағдайларын жасаулары керек еді. Олар мұны істемеді. Ақырында, мал фермалары қысқа жеткілікті дайындалмаған болып шықты. Кәзіргі уақытта көптеген сыйырлар мен қойлар жөндөлмеген, суық қораларда қыстатылуда. Оның үстіне бұл қоралар тыл тар, малға қолайсыз. Осындай кемшіліктердің салдарынан соңғы екі айдың ішінде колхозда сауын сыйырлардың өнімділігі кеміді, едәуір төл шығынға ұшырады. Колхозда мал азығы жетпейді. Осыған қарамастан жемшөптің ұқыпсыз жұмсалынуына төзімділік жасалынып отыр. Мал фермаларында осы күнге дейін жемшөпті зоотехникалық ережелерге

сәйкес әзірлеу жұмысы ұйымдастырылмады. Шөп тұрағыш, азық буландырғыш машиналары мен диірмен пайдаланылмай келеді.

Фрунзе атындағы колхоздағы мал қыстату жөніндегі осы сыяқты төзгісіз олқылықтар ауданның басқа ба колхоздарында орын алуда. Ауданның көптеген колхоздары мал азығын дайындау жоспарын орындамай, азықтың тапшы болып отырғанына қарамастан қыстың алғашқы күндерінен бастап—ақ мал азығын ұқыпсыз жұмсап келеді. Бұған кәзірдің өзінде 9 мың центнер жемшөптің нормадан артық жұмсалғаны толық дәлел.

Қоғамдық малдың қондылығын және өнімділігін арттыруда жемшөпті нәрлендіріп әзірлеудің зор маңызы бар. Солай болса тұрса да, Петропавл, Асанов МТС-терінің басшылары малға азық әзірлеу жұмысына неқұрайды қарап, механизаторларды істің бұл маңызды участогіне жұмылдырмай келеді. Аталған МТС-терде жоспары үнемі орындалмайды. Бұл станциялар қыстың екі айында малға азық әзірлеудің жоспарын 10-ақ процент орындады.

Жуырда аудандық партия комитетінің пленумы мал шаруашылығын өркендетудің барысы туралы мәселе қарап, онда аудандық партия және Совет атқару комитеттері тарапынан бұл шаруашылыққа қанағаттанғысыз басшылық жасалып отырылғандығы батыл сын алынды. Аудан басшылары бұдан тиісті қорытынды шығарып, малды қолда бағуды үлгілі өткізудің нақтылы шараларын қолданулары қажет.

Б. АСҚАРОВ.

### ОЗАТ МАЛШЫЛАР СЫЙЛЫҚ АЛДЫ

Жақында еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқамінін қарап, бо-

Осы сыяқты, мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде үлгілі табыстарға ие

### Халықтық демократия елдерінде

Германия Компартиясы басқармасының салтанатты мәжлісі

БЕРЛИН, 3 январь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Гамбургте Германия Компартиясының құрылуына 35 жыл толуына арналған салтанатты мәжліс болған. Президиумда—ГКП Басқармасының мүшелері, неміс жұмысшы қозғалысының өкілдері, туысқан Коммунист партияларының өкілдері, олардың ішінде—Франция, Великобритания, Бельгия, Голландия, Австрия және Дания Компартияларының өкілдері.

ГКП Басқармасы секретариатының мүшесі Вилли Мюн өзінің сөзінде Батыс Германия халқын бейбітшілік үшін, Германияның бірлігі үшін күресті күшейтуге шақырды.

Салтанатты мәжлісте жылы жүзбен қарсы алынған туысқан Коммунист партияларының өкілдері сөз сөйлеген.

### Вьетнам—Совет—Қытай достығы айлығына Вьетнамдағы дайындық

ПЕКИН, 4 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына сүйене отырып, Вьетнам халқы Вьетнам—Совет Одағы және Қытай арасындағы достық айлығына әзірленуде деп хабарлайды, бұл айлық 1954 жылғы 18 январьдан 18 февральға дейін болмақ.

Вьетнам—Совет және Вьетнам—Қытай достығы қоғамдарының ұсынысы бойынша Вьетнам Халық үкіметінің және Вьетнамның Ұлттық бірлестік майданының қуаттауымен елде айлықты кеңінен әзірлеуді және өткізуді ұйымдастыру жобаланып отыр. Айлықты өткізу Вьетнам халқының Совет Одағы халықтарымен, Қытайдың және халықтық демократия елдерінің халықтарымен тілектестігін нығайтуға тиіс.

Айлықты өткізуді басқару жөнінде орталық ұйымдастыру комитеті құрылған.

### Венгрияда ауылшаруашылық машиналарын



гат және мал азығын булағыш жұмыс істейді. Мал азығының жылдық қоры сүт фермасы мен қой фермасының базаларына 100 процент тасылып үйілген.

Колхоздың мал шаруашылығын еркендетуде ие болған табыстары ең алдымен партия ұйымының мал өсірушілер арасында жүргізген партиялық-саяси жұмысының нәтижесі. Партия ұйымы коммунистерді мал шаруашылығының шешуші участоктеріне бөліп, олардың өндірісті авангардтық роль атқаруына, мал өсірушілер арасында саяси бұқаралық жұмыстарды жүргізулеріне жетісін келеді.

«Ленин туы» газетінің өткен санында «Путь к коммунизму» ауыл шаруашылығы мүшелерінің үндеуі жарияланды. Олар өздерінің үндеуінде қол жеткен табыстарына қанағаттанбайтындығын айтып, малдың барлық түрлерін және құс өсірудің жоспарын кезінде орындау, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, 1954 жылы мал азығының базасын онан сайын нығайту жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алып, облысымыздың барлық колхозшыларын және ауыл шаруашылығы мамандарын, МТС-тер мен совхоздың жұмысшыларын мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды. Бұл — итілікті бастама.

ҚКП облыстық комитеті «Путь к коммунизму» ауыл шаруашылығы артелі мүшелерінің инициативасын қолдап, аудандық партия комитеттерін, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарын «Путь к коммунизму» ауыл шаруашылығы артелі мүшелерінің үндеуін колхозшылардың, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларының, мамандардың жыйналыстарында талқылауға, олардың арасында мал қыстатуды үлгілі өткізу жөнінде социалистік жарысты ұйымдастыруға, мал азығын дұрыс әзірлеп беруді, оны үнеммен жұмсауды, малдың өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуге ерекше назар аударуға міндеттеді.

Сондықтан партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен шаруашылық

етеді. Тек социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастырып, озаттардың тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдырған күнде ғана артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосуға болатынын естен шығаруға болмайды.

Жұртқа мәлім, колхоздарда мал қыстау маусымын үлгілі ұйымдастыруда МТС-тер зор роль атқарады. МТС-тің басшылары «Путь к коммунизму» колхозы мүшелерінің үндеуін талқылауға арналған жыйналыстарға тікелей қатысып, колхозшы шаруалардың орындау ұсыныстарынан тиісті қорытынды жасауға тиіс. Бұл әрбір колхоз бойынша мал фермаларында жем шөпті тұрап, булап беру, еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру, зоотехникалық-малдәрігерлік жұмыстардың жайын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеу керек деген сөз.

Облысымыздың мал өсірушілерінің алдында сауда орындары көп борышты. Бір қатар мал фермаларындағы, әсіресе, отардағы мал өсірушілерге өнеркәсіп товарлары, ең алдымен жылы киімдер қажетті мөлшерде жеткізілмей отыр. Сауда орындарының қызметкерлері мал өсірушілердің қажетін барынша толық қанағаттандыру арқылы мал қыстау маусымын үлгілі өткізуге өздерінің үлестерін қосуға тиіс.

Аудандық партия комитеттері мал өсірушілердің инициативаларын кеңінен қолдау арқылы, олардың арасында партиялық-саяси жұмысты мейлінше жақсарту арқылы мал қыстау маусымын үлгілі ұйымдастыруға жетісуге тиіс. Көзір МТС-тің қамтуындағы колхоздарда аудандық партия комитетінің секретары бастаған бір топ адамдар жұмыс істейді. Бұл аудандық партия комитетінің мал шаруашылығына партия басшылығын жақсартуына толық мүмкіншілік туғызады.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуды үлгілі өткізу жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетейік! Сөйтіп, 1954 жылы қоғамдық мал шаруашылығын еркендетуде жаңа табыстарға ие болайық!

## Балықшылардың әзірлігі

ХАБАРОВСК. 2 январь. (СОТА). Өткен жылы Орта Амурдың колхозшылары — балықшылары қажырлылықпен жақсы еңбектенді. Еліміз олардан жылдық жоспардан тыс көптеген балықтар алды. Охот және Төменгі — Амурдың мемлекеттік балық трестерінің кәсіпорындары тапсырманы асыра орындады.

Жаңа жылда Хабаров өлкесінің балықшылары елімізге өткен жылғыдан балықты әлде қайда көп беруге міндетті. Көзір көптеген балық комбинаттарында, балық заводтарында және балық аулайтын колхоздарда көктемгі-жазғы балық аулау жұмысына әзірлік өрістей түсті. Балықшылар стандартының және қабылдау базаларының құрылысына керекті ағаштар даярлануда.

### АЛҒАШҚЫ ПОМИДОР

АШХАБАД. 2 январь. (СОТА). Бүгін Ашхабад ауданы, Буденный атындағы ауылшаруашылық артелінің теплицасында жаңа помидорлар жыйналып алынды. Ауылшаруашылық артелінің мүшелері

### ПОМИДОР

бірнеше килограмм жемісті мектептің оқушыларына сыйлыққа тартты. Жақын күндерде колхоз базарларына сату үшін помидорды жапшай жыйнау жұмысы басталады.

ны орындау үшін колхозда қандай жұмыстар істелуі керектігін айтып, малшыларды қаулыға сәйкес алда тұрған міндеттерді іске асыруға жұмылдырады.

Колхозда ферма малшыларының тұрмысы, мәдени дәрежесін арттыруға, олардың өндірісте белсенділікпен еңбек етулеріне жағдай жасалды. Малшыларға кезінде кино көрсетіліп тұрады. Олар оқу үйі, кітап журнал газет және дойбы, шахматтармен жабдықталған.

Ферма малшылары қол жеткен табыстарға қанағаттанбай, бұдан былай да жемісті еңбек ете берсін.

**К. ҚОРАБАЕВ,**  
Октябрь ауданы, «Қызыл ту»  
колхозының мал фермасының  
меңгерушісі.

бынша облысымыздың таңдаулы мал өсірушілеріне ақшалай сыйлықтар берілді. Солардың бірі — Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының сауыншысы Екатерина Ночевная жолдас. Оған өзіне бекітіліп берілген 14 сауын сыйырдың әрқайсысынан өткен жылдың ноябрь айында 130 литрден сүт алғаны үшін 750 сом ақшалай сыйлық берілді.

Совет ауданындағы «Көктерек» колхозының сауыншысы Қаныш Тәменова жолдас өткен жылы өзінің қарамағындағы 15 сыйырдан 15 бузау алып, оны шығынсыз өсірген және әрбір сауын сыйырдан 11 айда 1922 литрден сүт алған Тәменова жолдасын бұл еңбегін бағалап, облыстық Совет атқомі оған 750 сом мөлшерінде сыйлық берді.

болған Полудень ауданындағы Свердлов атындағы колхоздың сауыншысы М. Келнер, Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының сауыншысы А. Иңешева Мамлют ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың сауыншысы А. Чернакова, Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» колхозының сауыншысы А. Гречнева, Петропавл ауданындағы Калинин атындағы колхоздың сауыншысы М. Турина, Конохов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының қой фермасының меңгерушісі С. Шавалин және осы аудандағы «Путь Ленина» колхозының аға шошқа күтушісі Е. Чулкина жолдасардың әрқайсысына 500 сом мөлшерінде ақшалай сыйлық берілді.

# Советтік Қазақстанда

## Қазақстанның архитектура ескерткіштерін қалпына келтіру

Орта Азия мен Қазақстандағы ең ірі архитектура ескерткіші — XIV ғасырдың аяғында Түркістан қаласында белгісіз сәулетші салған Хожа Ахмет Ясәудидің комплексті ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарының жылдық программасы орындалды. Бұл ескерткішті қалпына келтіру жұмысын Өзбектің айналы ғылыми-өндірістік қалпына келтіру мастерскойының қызметкерлері жүргізуде. Соңғы екі жылдың ішінде осы жұмыстарды орындауға бір миллион сом қаржы жұмсалды. Ескерткіш комплексінің солтүстік маңдайын қалпына келтіру жұмысы аяқталуға жақын, көзір шығыс және батыс маңдайларын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Ескерткіштің кіре берісі қалпына келтірілуде. Жалпы көлемі екі жарым мың шаршы километрге жуық жерді алып тұрған барлық құрылыстың астына жа-

ңадан іргетас қалануда. Бұл жұмыстар бес жылда аяқталуға тиіс.

Қазақстанда 300-ден аса тарихи архитектура ескерткіштері бар. Жамбыл қаласындағы «Айша-биді» және «Бабад-жа-хатын» мавзолейлері халыққа кеңінен мәлім. Мұның біріншісі XII ғасырда, екіншісі XI ғасырда салынған. Көзір осы мавзолейлерді қалпына келтірудің жобасын жасау үшін оларды өлшеу, зерттеу жұмыстары аяқталды.

Талдықорған облысының Панфилов қаласындағы мешіттің ғылыми және көркемдік жағынан зор маңызы бар. Оның қытай сәулетшісі XIX ғасырдың аяғында ешқандай металл қолданбай салған. Бұл үй күштілігі сөгіз баллаға жеткен жер сілкінуіне жақсы шыдаған. Мұнда қытай жазулары мен орнаменті жақсы сақталған. Мешітте көзір музей бар. (ҚазТАГ).

## Арizon кипарисі Оңтүстік Қазақстанда

ХОДЖАКЕНТ. (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Бостандық ауданының тауларында қалың қар жауып, шай, лавр, анар, ижір ағаштарының және басқа жылылық сүйетін субтропикалық өсімдіктердің бұтақтарын бүркеді. Күнмен шағылысып жалтыраған ақ қардың арасында жасыл күйінде мәңгі жайнап тұратын — жемшіт, арizon кипарисі және гималай самырсыны көрінеді. Бұл өсімдіктер Оңтүстік Қазақстан жағдайында ықтырмасыз ашық жерде жақсы

қыстап шығады.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы егіншілік институтының Бостандық тәжірибе алаңында арizon кипарисінің жүзге жуық ағашы өсірілуде. Жеке ағаштардың биіктігі жеті метрге жетіп, 1953 жылы алғаш рет тұқым берді.

Тәжірибе алаңы арizon кипарисін декорациялық құнды ағаш тұқымы ретінде кең көлемде өсіруге кірісті.

## Үй аспындағы көмір

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ) Қарағанды бассейнінде соңғы уақытқа дейін сақтық үшін үйлердің астында көмір қабаттары қалдырылып келді. Мұның өзі өнеркәсіптік отын қорының ысырап болуына немесе ұзақ уақыт пайдаланылмай қалуына әкеліп соқтырды. Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу маркшейдер институтының Қарағанды филиалының қызметкерлері осы көмірді қазу әдісін жасады. Үй-

лерді сақтау үшін қалдырылған көмір қабатын қазып алу үшін көмірдің аралық қабатының қалыңдығы одан белгілі пропорцияда қалың болуға тиіс екендігі анықталды. Осы теориялық есепте, Жданов атындағы шахтаның клубы астынан көмір қазу арқылы тексерілді. 300 метрлік лавада ағаш бағандар металл тіректерімен күшейтілді.

БУДАПЕШТ, 4 январь. (СОТА). Бғыл Венгрияда тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жасап шығаруды едәуір ұлғайту қарастырылып отыр.

«Сабад нәп» газетінің хабарына қарағанда, жаңа жылдағы бірінші күнгі кұмыста «Красная звезда» трактор зауыды қуатты дизель тракторларын жаптай шығара бастауға кіріскен.

Быйылғы жылы Матиас Ракоши атындағы комбинатта ауылшаруашылық машиналары тұңғыш рет шығарыла бастайды. Январьда сеялқалардың алғашқы үлгілері жасалады. Алғашқы үш айда комбинат 280 сеялқна жасап шығараты.



Көмірлі Қарағанды еңбекшілерінің әлауқат және мәдениет тұрмысы барған сайын жақсаруда. № 31 шахтаның атақты комбайншысы Г. Шейн жуырда пианино сатып алды.

СУРЕТТЕ: Г. Шейннің қызы Людмиланың пианинода ойнап отырғанын тыңдап тұрған кезі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### И. В. СТАЛИНГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТІҢ АШЫЛУЫ

МАРТӨК. (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ) Веренское селосының орталығындағы алаңда Иосиф Виссарионович Сталинге ескерткіш орнатылды. Ескерткішті ашуға арналған, көп адам қатысқан митинг болды. Митингте Калинин атындағы колхоздың председатели агроном Ременной, партия ұйымының секретары Шерстник, Социалистік Еңбек Ері Иваченко сөз сөйледі.



1953 жылы ашылған Семей медицина институтының бірінші курстарында 300 студент оқыйды.

СУРЕТТЕ: анатомияның лабораториясында емдеу факультеті студенттерінің өз беттерімен сабақ оқып отырған кезі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### ОҢТҮСТІК УРАЛДЫҢ ИНЖЕНЕРЛЕРІ МЕН ТЕХНИКТЕРІ ҚАЗАҚСТАН МТС-терінде

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Облыстың МТС-терінде жұмыс істеу үшін Челябинск облысындағы Златоуст қаласынан 36 инженер мен техник келді. Металл конструкциялар зауытының бас механигінің орынбасары Дементьев жолдас Магнай МТС-і директорының қызметіне, инженерлер Литвинов, Тверской, Бондарчук, Романовский, Пчелкин, Запорожец жолдасар облыс МТС-терінің бас инженерлері қызметіне жіберілді.



# Партия оқуына күнбе-күн басшылық етілсін

Біздің партиямыз өзінің бүкіл қызметінде маркстік-лениндік теорияны басшылыққа алып отырғандығымен күшті. Партияның саясаты қоғамдық даму заңдары ғылыми біліміне негізделеді. Марксизм-ленинизм негіздеріне жетілу, партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың саяси сауаттылығын арттыру олардың барлық тұрмыс саласындағы озаттық ролін күшейтудің, партия бұқарасының белсенділігін онан сайын арттырудың және партия ұйымдарының жұмысын жақсартудың сөзсіз шарты болып табылады.

Партиялық насихат — партия ұйымдарының тарапынан әруақыт көңіл бөлініп, басшылық етілуін керек ететін өмірлік, творчестволық іс. Бұл іс формализм мен нежұрайдылықты көтермейді. Әрбір партия ұйымының, әрбір партия комитетінің тікелей міндеті — маркстік-лениндік теорияны насихаттау мәселелерімен күнбе-күн шұғылдану, насихат жұмысы мазмұнының егжей-тегжейіне дейін ой жіберу барлық коммунистердің өздерінің идеялық дәрежесін үздіксіз арттырып отыруына жету болып табылады.

Көптеген партия ұйымдарының жүргізген үлкен әзірлігі өткен оқу жылында партия оқуы системасында сабақтарды ұйымдастыру түрде бастап, жақсы жүргізуіне мүмкіндік берді. Насихатшы кадрларды мейлінше мұқият іріктен алу, партия оқуы орындарын толықтырған жағдайда еріктілік принципін сақтау, сабақ берудің сапасын бақылап отыру, партия насихатшының дәрежесіне игілікті өсерін тигізеді. Коммунистердің марксизм-ленинизм негіздерін оқып-үйренуге көңіл қою үздіксіз артады.

Алайда, фактілерге қарағанда, партия оқуы ісімен шұғылданбайтын партия комитеттері де бар. Кейбір одақтас республикалардың Компартия Орталық Комитеттері, облыстық және өлкелік партия комитеттері, қалалық комитеттер мен аудандық комитеттер оқу жылы басталғаннан кейін партия насихаты мәселелеріне назарын басаңдетіп жіберген. Партия оқуына күнбе-күн басшылық етуді олар саяси мектептердің, үйірмелердің, семинарлардың, кешкі партия мектептерінің және марксизм-ленинизм университеттерінің қызметіне, революциялық теорияны өзінің оқып-үйренуші коммунистердің оқуына дүркін-дүркін, кездейсоқ килігумен тындырады. Партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың оқуының жайы жөніндегі мәселелердің партия комитеттері бюросында, пленумдарында, партия активі жыйналыстарында және бастауыш партия ұйымдарында талқылануы сирек. Осының салдарынан партия оқуының ұйымдастырудың және оның мазмұнындағы ірі өзгерістер дерексінде айқындалмайды және уақытылы жойылып отырмайды.

Саяси оқуға басшылық етудегі басты іс — насихаттың сапасын арттыруға үздіксіз қамқорлық істеу, сөйтіп, коммунистердің саяси білімдерге құштарлығын үсті-үстіне арттыра түсу, адамдардың маркстік-лениндік теорияның мазмұнын ұғып алуына және мұны практикалық қызметінде қолдана білуіне ынталандыру.

☆  
«Правданың» 4 январьдағы басмақаласы  
☆

Ренуге догмалық, дүмшелік көзқарас әлі де жойылған жоқ. Кейде теориялық қағидалар сабақтарда нақтылы тарихи жағдайға байланыстырылмай, Коммунистік партияның өзгертуші және басшылық ролі көрсетілмей, негізгі шаруашылық және саяси міндеттерге байланыстырылмай, баяндалады.

Ростов облысының ауылшаруашылық машиналарын жасап шығаратын «Красный Аксай» заводында кейбір насихатшылар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын оқушыларына баяндағанда завод коллективінің Орталық Комитет Пленумының нұсқауларын орындау жөнінде нақтылы міндеттері жайында ештеңе айтпаған. Марксизм-ленинизмді тұрпайыландыру, өңін айналдыру, революциялық ілімді бұрмалау әлі де болса орын алып келеді. Партия оқуы ісінде бұл кемшіліктерді Ростов облысының толық жатқан ұйымдарында кездестіруге болады. Ол кемшіліктердің себебі ең алдымен мынада: партия комитеттері, соның ішінде СОКП Ростов облыстық комитеті насихат жұмысына даярлығы аз жолдастарға, қабат білімі төмен, теориялық және саяси даярлығы аз адамдарды жоғарылатып, қолға істеген. Ростов облысында жоғары оқу орындары аз емес екендігі жұртқа мәлім бірақ оқытушылардың маман кадрларының үйірмелер мен семинарларда жетекші ретінде пайдаланылуы өте нашар.

Насихатшылардың едәуір бөлігінің даярлығының жеткіліксіздігі облыстық партия ұйымдарына істі барлық насихатшылар семинарларда теориялық және методикалық керекті жәрдемді үздіксіз алып отыратындай етіп жолға қоюды міндеттендей болған еді. Алайда, көп семинарлардың жұмысы нашар ұйымдастырылған. Мысалы, Батайск қалалық комитеті саяси мектептер мен үйірмелердің барлық насихатшыларын бір семинарға біріктірген, әрине, олар теориялық көмек те, методикалық көмек те ала алмайды. Семинарларда насихатшылардың жұмыс тәжірибесін ортаға салу деген жоқ.

Партия оқуының сапасын арттыру үшін коммунистердің маркстік-лениндік теорияның негіздерін шын мәнісінде творчестволық жолмен оқып-үйренуін қамтамасыз ету керек, насихатшылардың арасында шұғылдану жұмыс жүргізу керек, сабақтардың мазмұнын әрдайым бақылап отыру керек. Насихатшы — партия оқуында үлкен тулаға. Ол өзінің білімін үздіксіз молайтып, насихатшылық шеберлігін үдетіп отырса ғана өз міндеттерінің дәрежесінде бола алады. Партия комитеттері насихатшыларға күн сайын көмек көрсетіп отыруға, әрбір саяси мектепте, әрбір үйірме мен семинарда не істеліп жатқандығын әрдайым біліп отыруға міндетті.

Курск облысының партия ұйымдары партия насихатына басшылық ету ісінде формализмге көп жол беруде. Курск об-

Стрелецк, Шигров аудандарында және басқа аудандарда үйірмелер мен саяси мектептерде оқушылардың келуі аз, сабақ болмай қалатын кездері де бар. Бірақ, аудандық комитеттер де, облыстық партия комитеті де партия оқуы орындарының жұмысын жақсартудың тиісті шараларын істемей отыр.


Курск облысында лекциялық насихат қанағаттанғысыз жолға қойылған. СОКП облыстық комитетінің лекторлар тобы өзінің оқуының коммунистерге және партияда жоқ интеллигенттерге онша-мұнша мазмұнды көмек көрсетпей келеді. СОКП тарихы жөнінде қалалық және аудандық партия комитеттерінің кітапханаларында да лекциялар оқылмайды, өйткені, бұл кітапханалардың жұмысы тек кітап берумен ғана тынады.

Партия комитеттерінің басшы кадрлардың оқуын жете бағаламауы бұрынғысынша үлкен кемшілік болып келеді. Көптеген партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің марксизм-ленинизм саласында өздерінің даярлығын арттыру жолында қызмет етуі нашар. Басшы кадрларды, біздің интеллигенцияны оқытуға арналған семинарлар, кешкі партия мектептері және марксизм-ленинизм кешкі университеттері көбінесе қанағаттанғысыз жұмыс істейді. Читада, Чита облысының Стретенск ауданында және басқа кейбір аудандарында кешкі партия мектептеріне оқушылардың саны 50—60 проценттен аспайды. Партия комитеттері кейде коммунистердің маркстік-лениндік теорияға жетілуі жұмысын нашар ұйымдастырады, олардың бұл жөніндегі жұмысын нашар бақылайды, мектептер мен университеттердің жұмысын жақсартуға керекті шаралар істемейді.

Көп партия комитеттерінің үлкен кемістігі — партия оқуына күнделікті, нақтылы басшылық етудің орнына кеңесшілік-бюрократтық басшылық етіп отырғандығы болып табылады. Жақында Қазақстан КИ Гурьев облыстық комитетінің пленумында облыстық комитеттің қызметкерлері аудандық және бастауыш партия ұйымдарының саяси мектептер мен үйірмелердің жұмысын жолға қоюға көмектесудің орнына коммунистердің саяси сабаққа «қамтылғандығы» туралы мәліметтер жыйнаумен, ақпарат жасаумен шұғылданғандығы және тағы сондай істер істеп жатқандығы атап көрсетілді.

Партия комитеттерінің партия насихаты ісін жақсарту үшін баспасөзді пайдалануы нашар. Ал, газеттердің өздері партия оқуы орындарындағы жұмыстың кемшіліктерін сынамай келеді, тәжірибелерін қорытуы және ортаға салуы нашар, насихат мақалаларын жариялауы сирек.

Партия ұйымдарының міндеті — партия оқуына басшылықты батыл жақсарту, оны неғұрлым өмірге бейім, нақтылы, тынақты ету, коммунистерге идеялық-теориялық тәрбие беру ісінде партияның алға қойған үлкен міндеттеріне сай келетін дәрежеге жеткізу болып табылады. Біздің партиялық баспасөз партия оқуы мәселелерін мейлінше толық жазып оты-



Петропавлдың № 20 колонер училищесінің оқушы комсомолецтері Георгий Дурнев пен Михаил Носов оқуда және тәжірибе сабақтарында үздік келеді.

СУРЕТТЕ: токарьлар тобының мастери В. Бойко оқу озаттары Г. Дурнев пен М. Носовты токарь станогінің жаңа кескішімен таныстырып тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Ауыл-селода ғылыми және ауылшаруашылық фильмдер көрсетілуде

Советтік кинематография көркемсуретті кинофильмдермен бірге ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибелер туралы көптеген ғылыми және ауылшаруашылық фильмдерін жасап шығаруда. Бұл фильмдер колхозшы шаруаларды агрономиялық ғылым заңдарымен қаруландырады, шаруашылықты ғылыми негізге сүйенісіне отырып, дұрыс жүргізуге көмектеседі.

Тек өткен бір жыл ішінде облысымыздың кино сеттері жалпы агротехникалық және ғылыми фильмдерді көрсетумен бірге, колхоздардың 3 жылдық агро-зоотехникалық курстарындағы тыңдаушылар үшін 461 сеанс фильм көрсетіп, 17.527 тыңдаушыны, облыстық ауылшаруашылық көрмесіне келген ауыл шаруашылығының 3.595 маманын ғылыми және ауылшаруашылық фильмдерімен қамтыды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарын орындай отырып, биология, химия, физика, астрономия ғылымын, колхоз, совхоз және МТС-тердің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін неғұрлым кеңінен насихаттау мақсатында ССРО Мәдениет министрлігі мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі 1953 жылғы 1 декабрьден 1954 жылғы 1 апрельге дейін ауылшаруашылық фильмдерінің фестивалін жариялады.

Бүкілодақтық фестивальді өткізуге қатыса отырып, облыстық мәдениет басқармасы ауыл шаруашылығы басқармасымен және аудандық мәдениет бөлімдерімен бірлесіп, 1 декабрьден бастап арнаулы 11 селолық жылжымалы кино

«Дөңді дақылдар себуді механикаландыру» деген және басқа да көптеген фильмдер бар.

Кинофестивальдің алғашқы күндерінде-ақ бірқатар киномеханиктер айтарлықтай табыстарға ие болды. Жылжымалы кинолардың киномеханиктері комсомолец Новичков жолдас (Конюхов ауданы) алғашқы 13 күн ішінде ауданның 11 колхозын, Зырянский жолдас (Соколов ауданы) 8 колхозды және 4 бригаданы киномен қамтыды. Кинофестивальді ұйымдастыруда және өткізуде аудандық партия комитеттері мен Совет аткомдері, жергілікті партия және қоғам ұйымдары киномеханиктерге үлкен көмек көрсетуде.

Алайда, Октябрь, Ленин аудандық мәдениет бөлімдерінің басшылары бұл маңызды шараға жете мән бермей, фестивальді өткізуге белсене араласа алмай отыр. Фестивальға қатысу үшін бөлінген жылжымалы кинолар жұмысқа толық және дұрыс пайдаланылмайды. Фильмдердің тақырыбына байланысты лекциялық насихат жұмыстары ұйымдастырылмаған. Бұл аудандарда декабрь айының бірінші жартысында бірде-бір колхоз киномен қамтылған жоқ. Аталған аудандардың, аудандық партия комитеттері мен Совет аткомдері де бұл мәселені тыс қалып келеді. Мұның өзі Октябрь және Ленин аудандарында колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының агро-зоотехникалық білімін көтеру жөнінде СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы алға қойған міндетті орындауға жеткілікті дәрежеде көңіл

## БЕРЛИНДЕ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІН ШАҚЫРУ ЖАЙЫНДА

1 январьда ССР Одағының Сыртқы істер министрлігі Франция, Англия және АҚШ үкметтерінің, Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жөніндегі Совет Үкметінің 26 декабрьдегі нотасына жауап ретіндегі, бір мазмұнды ноталарын алды.

Бұл ноталарда жоғарыда көрсетілген үкметтер Францияның, Англияның, АҚШ-тың және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінің кеңесін 25 январьда Берлинде шақыру жайындағы Совет Үкметінің ұсынысына ризалық білдірген, сонымен қатар, төрт державаның Берлиндегі жоғарғы комиссарларының өкілдері кеңес өткізілуге тиісті үй туралы мәселе талқыласын дегенге келіскен.

4 январьда ССРО Сыртқы істер министрлігі Францияның, Англияның және АҚШ-тың Москвадағы елшіліктеріне жауап нота жолдады, бұл нотада Совет Үкметі Франция, Англия және АҚШ үкметтерінің 1 январьдағы ноталарын алғанын білдірді. Совет Үкметінің нотасында сонымен қатар мынадай хабар берілді: кеңес өткізілуге тиісті үй туралы мәселенің төрт державаның Берлиндегі жоғарғы комиссарлары өкілдерінің өзара келісуімен шешілуге тиіс екендігі ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының есіне салынды.

## ФРАНЦИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 4 январь. (СОТА). Париж вокзалдарының және кейбір провинциялық қалалардың почта бөлімшелері жұмысшыларының және қызметшілерінің ереуілі 13 күннен бері болып жатыр. Ереуілдің ұзаққа созылу сыпатын почта, телеграф және телефон министрлігінің ереуіл жасаушылардың материалды жағдайын жақсарту жөніндегі талаптарын орындаудан бастартуымен түсіндіруге болады. Ереуіл қозғалысының өсерін төмендету мақсатымен өкмет орындары вокзалдардың почта бөлімшелеріндегі жұмыстарға «республикалық хауіпсіздік отрядтарынан» солдаттарды пайдалануда. Мұнымен қатар, ереуіл жасаушылардың қыймыл бірлігін бұзуға тырысып, почта, телеграф, телефонның статс-секретары «Жалпы еңбек конфедерациясына» жататын почта қызметкерлері кәсіподақтарының басшыларын қабылдаудан бастарта отырып, автономиялық кәсіподақтардың өкілдерімен сепараттық келіссөз жүргізуде.

Кеше күні бойы вокзалдарда ереуіл жасаушылардың ұсыныстары туралы мәселе талқыланды. Ереуіл жасаушылардың көпшілігі күресті тоқтатпау үшін пікір айтты.

## АҒЫЛШЫН ГАЗЕТТЕРІ БРИТАНИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЕЛДЕРІ ФИНАНС МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖАҚЫНДА БОЛАТЫН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 4 январь. (СОТА). Сидней



болып табылады. Оның бер жағында, кейбір партия комитеттері коммунистерді мектептерге және үйірмелерге жаппай «қатынастырудың» қызығына түсіп кетіп, басты істі, — партия оқуының идеялық мазмұны жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз ету керектігін ұмытып отыр.

Тексеру нәтижелеріне қарағанда, көп партия комитеттерінің партия оқуы орындарындағы сабақтарға басшылық етуі үстірт, маркстік-лениндік теорияның насихаты коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде партияның алға қойған міндеттеріне сай келуін қамтамасыз етпей отыр. Үйірмелер мен семинарларда сабақ төмен дәрежеде өтеді. Насихат жұмысының практикасында партия тарихын, философияны, саяси экономиканы оқып-үй-

ренушілердің саны облыстың аудандарында жәрме-жар кеміді. Медвенск, ратын болсын, кемшіліктерді қатты сынайтын болсын, жақсы тәжірибені ортаға салып отырсын, насихатшыларға көмек беретін материалдарды үздіксіз басып шығарып отыратын болсын.

Коммунистер мен партияда жоқтардың саяси білім алуға күшарлығы үздіксіз артуда. Маркстік теорияны оқып-үйренуге дүмшелік, догмалық көзқарас насихат жұмысының практикасынан неғұрлым батыл аласталаған сайын, коммунистердің идеялық тілектері солғурлым жақсы қанағаттандырылады. Миллиондаған адамдарды Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ілімімен қаруландыру, коммунистердің революциялық теорияның мәнін творчестволықпен ұғынуына жету — партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі.

және селолық тұрақты кино бөлімі. Мичуриндік агро-биология ғылымының табыстары мен егін және мал шаруашылығын өркендету, ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі колхоздардың озат тәжірибелерін бейнелейтін ғылыми және ауылшаруашылық фильмдері таңдап алынды. Олардың ішінде «Картопты шаршы-ұялап отырғызу», «Советтік тұқым шаруашылығы», «Тұқым және олардың өсуі», «Мичуриннің жолдарымен», «Өсімдіктердің өмірі», «Торай өсіру», «Ауылшаруашылық малдарын азықтандыру», «Малды бағалау және тұқымға іріктеп алу», «Ірі қара малдың бағылуы», «Электротрактор»,

бөлінбей отырғандығын көрсетеді.

Біздің елімізде кино еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне қызмет етеді. Мұнда ғылыми және ауылшаруашылық фильмдердің алатын орны да өте мөте зор. Облысымыздың киномеханиктері жүргілікті партия, совет ұйымдарының күнбе-күнгі көмегіне сүйене отырып, ғылыми және ауылшаруашылық фильмдерін ауыл-селода көрсету жөнінде өздерінің алдына қойылған міндетті аброймен орындап шығу үшін күш жұмсайтындағы күмәнсіз.

**М. АВЕРИН,**

**Облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімінің бастығы.**

## Облыстық шаңғы жарысы

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамы облыстық Советі бойынша бірінші орынға ие болу үшін өткізілген шаңғы жарысына 7 ауданның шаңғышылары қатысты.

Жарыстың алғашқы күнінде 4 x 10 километрлік жарыста Булаев ауданының командасы финишке 3 сағат 32 минут 17 секунд ішінде бірінші болып келді. Екінші орынға Петропавл ауданының, үшінші орынға Соколов ауданының шаңғышылары ие болды.

Әйелдердің 3 x 5 километрлік эстафетасында Булаев ауданының әйелдер командасы жеңіп шықты. Олар финиш ке 1 сағат 44 минут 35 секунд ішінде келді. Пресновтықтар екінші орынды, Конохов ауданының шаңғышылары үшінші орынды жеңіп алды.

Еркектер үшін 4 x 10 километрлік эстафеталық жарыста Петропавл ауданының шаңғышысы Соловьев жолдастық,

көрсеткіші спорттық үшінші разрядтан асып түсті.

Жарыстың үшінші күнінде еркектерге 30 километр, әйелдерге 10 километр жерге старт берілді. Ауа райының қолайсыз болуына қарамастан А. Даниленко жолдас финишке тағы да бірінші болып келді. Әйелдерден булаевтық Яковлева бірінші орынға ие болды.

Үш күнге созылған шаңғы жарысының қорытындысында Булаев ауданының шаңғышылары бірінші орынды, пресновтықтар екінші орынды, Петропавл ауданының спортшылары үшінші орынды жеңіп алды.

Село шаңғышыларының облыстық жарысында озып шыққандарға облыстық денсаулық сақтау бөлімінің физкультура және спорт секторының дигломдары мен бағалы сыйлықтар берілді.

**Н. ДАМЫРБАЕВ.**

## Сын жұмысы ұйымдасқан түрде басталды

Ушинский атындағы оқытушылар институтында қысқы сын жұмысы толық әзірліктен басталды. Студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу үшін оқу кабинеттері және кітапхана түнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істейтін болды. Барлық факультеттерде сын болатын сабақтардың расписаниясы көрнекті жерге ілінгі қойылған. Консультациялар үнемі өткізіледі, оларда студенттер өздері жете түсінбеген мәселелер бойынша сұрақтар беріп, тиісті жауап алып отырады.

Сынға ойдағыдай дайындықпен кірі-

судің нәтижесінде студенттер алғашқы сын жұмыстарында жақсы нәтижелерге ие болды. Жаратылыстану-география факультетінің 1 курсына 50-ден астам студенттердің барлығы дерлік география пәнінен сын тапсырғанда 4 және 5 деген баға алды.

Сол сыяқты, тіл-әдебиет факультетінің II-курсның студенттері Марченко, Бектұров, Жақин, Посохина сыяқты студенттер орыс тілі мен қазақ тілінің салыстырмалы грамматикасынан 5 деген бағамен сын тапсырды.

### АҚШАДАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРІЛДІ

«Еңбек» колхозының (Ленин ауданы) малшылары А. Газезов және Қ. Бапашов жолдастар мал шаруашылығын өркендету ісіне лайықты үлес қосып келеді. Олар өткен жылы қарамағындағы малды шығынсыз өрі күйлі өсірді.

Жуырда колхоз басқармасы қажырлы еңбектері үшін А. Газезовке 1000 сом, Қ. Бапашовқа 750 сом ақшадай сыйлық берді.

**Қ. АҚМАДИЕВ.**

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

Совет ауданындағы Молотов жеті жылдық мектебінің жоғарғы класс оқушылары әрбір демалыс күндері, жексенбілік ұйымдастырып, колхоздың егін далаларына қар тоқтатуға көмектесіп жүр. Өткен аптада оқушылар мұғалім З. Біләлов және № 2 дала бригадасының бригадирі Ө. Бейсенов жолдастардың басшылығымен 50 гектар күздік бидай егісінің үстіне қар тоқтатты.

**Қ. ЗАҒЫПАРОВ.**

## Сивков селолық Советінің жұмысында өзгеріс жоқ

Селолық Советтің қызметкерлері жұмыс күнін жайымен бастайды. Әдетте оқу үйінің меңгерушісі Лазарев жолдас өз міндетін атқаруға бірінші болып кіріседі. Оның қызмет өрісі селолық Совет аткомі үйінің босағасында тұрған стол мен шкафтың төңірегінен аспайды. Мұнда ол кітап оқушыларға кітап ауыстырып берумен ғана күн өткізеді.

Тадертенгі сағат 10 кезінде оқу үйі меңгерушісінің столына сүйене өтіп, өзінің кабинетіне келе жатқан атком председателі Шевченко жолдасы көресіз. Тар жерден қысылып-қымытырылып өткеніне оның өзі де ұялатын сыяқты. Өйткені, Шевченко арнаулы оқу үйін салдыру жөнінде бірнеше рет уәде берсе де, сөзіне ісі сай болмай жүрген басшылардың бірі. Оқу үйінің кітап қоры да жеткіліксіз. Бұл жақсатқа босатылған қаржы жыл сайын толық пайдаланылмай келеді.

— Біздің кәзіргі басты міндетіміз — ауыл шаруашылығын өркендету, — деп мәлімдейді Шевченко. — Колхоздағы істі жайын жақсартып, шаруашылықтың нығайтуына кейін мәдениет мәселесімен айналыса жатармыз.

Бірақ, колхоз өндірісін ұйымдастыруды селолық Советтің бұныпқы әзірге байқалмайды. Оның қамтуындағы Молотов атындағы колхоз өткен жылы әрбір гектар егістік жерден небары 210 сомнан гана кіріс алып отыр. Бірде-бір егіс бригадасы егіннің шығымдылығын арттыру жөніндегі жоспарды орындамады. Қоғамдық малдың саны көбеюдің орнына кеміді. Соның ішінде сауын сыйырлардың саны 26 процент кеміді. Әрбір сауын сыйырдан 960 литр гана сүт алынды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде орын теуіп отырған елеулі кемшіліктердің бірі — мал азығы қорының жеткіліксіздігі болып отыр. Тек осы себепті қоғамдық малдың төл есебінен өсуінің көрсеткіштері мүлдем төмен: 47 биенен 4 қулын, 138 сыйырдан 32-ак бұлау өсірілді. 1953 жылы мал шаруашылығынан алынған табыс 150 мың сомнан аспайды.

Селолық Совет мал шаруашылығының артта қалуын жою жөнінде қандай шара қолданды? Мұндай шаралар тек мынамен шектелген: өткен жылғы 20 октябрьде селолық Советтің IV сессиясында мал қыстату маусымына әзірлік туралы мәселе талқыланды. Колхоз председателі, селолық Советтің депутаты Жолудев жолдас өзінің қысқаша хабарында мал азығын дайындау, мал қораларын жөндеу жұмысының жайы мүлдем қанағаттанғысыз екенін хабарлады. Сессия колхоз басқармасының барлық мүмкіндікті пайдаланды, сөйтіп, мал азығының берік базасын жасауды талап етті. Міне, осымен барлық іс бітті.

Кыс селолық Совет басшыларының ырығалып-жыргалуын күтпеді. Колхоз малы шала-шарпы жөнделген қораларға тығыз орналастырылды. Мал азығын дайындау сіннің жайы да жақсармады. Колхоз бойынша 5.700 центнер шөп жетпейді. Солай бола тұрса да, 500 гектар егістік жердің сабаны мен топаны жыйнамай, қар астында қалды. Осы сыяқты, тамыр-кемісті шөктің өнімі жыйналмады, ал, таласындық қызылшаның бірсыпырасы (алада аңыз үстінде қалып қойды. Егіс бригадалары картоптың өнімін де кезінде кыйнап алуды ұйымдастыра алмады.

Мал қыстату маусымына әзірлік кезіндегі мұндай елеулі кемшіліктер селолық Советтің назарынан тыс қалды. Совет аткомінің председателі Шевченко жолдас кезекті мәжілістерде мал азығын дайындау жөніндегі кемшіліктер жөнінде жаппылама сөзбен гана қанағаттанып, ұйымдастыру жұмысымен айналыспады.

Колхоз өкілдерінің қысқы мерзімде де кезек күттірмейтін істері көп болуына тиіс. Бірақ, әзірше егіс бригадалары мен огород бригадасының көктемгі дала жұмыстарына айтарлықтай әзірліктері байқалмайды. Дәнді дақылдардың тұқымы газдаланбаған. Жергілікті тыңайтқыш заттарды жыйнау ісі ұйымдастырылмаған. Бірде-бір гектар жерге қар тоқтатылмаған жоқ. Тұқымдық картоп кәзірдің өзінде бұлайна бастаған.

Селолық Советтің ауыл шаруашылығы-

на осыныша нашар басшылық жасауының сыры неде? Дұрысын айту керек. Ол өзінің жұмысын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған талаптарға сай ұйымдастыра алмай отыр. Шаруашылық жұмыстың жайы тек мәжілістер мен сессияларда өңгіме болып, қабылданған қарарлардың орындалуы тексерілмейді және ұйымдастырылмайды.

Мәселен, Советтің бір сессиясында Сивков және Виноградовқа селоларындағы клубтардың құрылысын аяқтаудың қажеттігі жөнінде қарарлар қабылданды. Бірақ, амал не, күні осы күнге дейін бірде-бір клубтың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген жоқ. Колхозшы шаруаларға арналған кинофильмдер мектеп үйлерінде көрсетілмеді. Осы сыяқты, Советтің селоларда сауда жұмысын жақсарту жөніндегі қарарлары да аяқсыз қалып отыр. Сивков селосындағы магазинге өнеркәсіп товарлары тұтынушылардың тілегі бойынша жіберілмейді. Магазин жылтырмағандықтан ол көбінесе жабық тұрады. Селолық тұтынушылар қоғамының магазиндері мен қоймаларынан мектеп оқушыларына қажетті дәптерлерді, қалам және қарындаштарды іздеп табу қиын.

Селолық Советтің бірінші сессиясында тұрақты комиссиялардың құрамы бекітілген-ді. Алайда, олардың бірде-бірі жыйналып, Совет аткомінің мәжілісінде немесе сессияда тиісті мәселелер талқылау жөнінде инициатива көрсеткен емес.

Әрессе, депутат Жолудев жолдас басқарған ауыл шаруашылығы жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссияның жұмысы село еңбекшілерін қатты қыжылтатады. Басқаны айтағанда, Жолудев жолдасын дәнді дәнді дақылдардың ұшырылдыларын далада қалдырды. 200 центнер қапустаңның ысырапқа ұшырауына жол берді.

Еңбекшілер депутаттары Соколов аудандық Советінің аткомі, оның председателі Звягин жолдас Сивков селолық Советінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерге қалай төзін отыр?

**Р. ИГІБАЕВ.**

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

де нағызда болып Британия империясы елдері финанс министрлерінің конференциясы туралы (конференция 8 январь да ашылады. — Ред.) айта келіп, «Дейли мейлдің» финанс шолушысы былай деп жазды: бұл конференцияда Америкадағы болғалы тұрған құлдырау басты мәселе болады. «Кәзір Америкада, — деп көрсетеді шолушы, — құлдыраудың басталғанына, онда өндірістің шамамен 6 процент кемігеніне ешкім де күдіктенбейді».

Британия империясы елдері финанс министрлерінің, шолушының пікірі бойынша, ең бірінші міндегі Америкадағы құлдыраудың қандайын болсын Британия империясы елдеріне таралуын болдырмамай етіп жоспар жасау болып табылады.

### ИРАНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАУЛАР

ПАРИЖ, 4 январь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, соңғы екі күнде Мосаддың ісі жөнінде шығарылған үкімге қарсылық білдірген науқанға қатысқандардың ішінен он шақты адам тұтқынға алынған.

### БЕЛЬГИЯ ЖАҒАЛАУЛАРЫНДАҒЫ ДАУЫЛ

БРЮССЕЛЬ, 4 январь. (СОТА). Кеше Бельгия жағалауларында Солтүстік теңіздің дауылы көтерілді.

Газеттер судың қатты толқынынан кейбір жерлерде плотиналар бұзылған деп сабарлайды. Остенда және Кнокке-зут салаларында жағалаудағы көшелерді су басқан.

### ГХОШТЫ ИНДИЯ КОМПАТИЯСЫНЫҢ БАС СЕКРЕТАРЫЛЫҒЫНА ҚАЙТА САЙЛАУ

ДЕЛИ, 4 январь. (СОТА). Кеше Гхош Индияның Коммунистік партиясының бас секретарлығына қайта сайланды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

**«ЖОЛДАС НАМЫСЫ»**  
атты көркемсуретті жаңа фильм.  
Сеанстар сағат 2,30-6,30-8,10-10-да басталады.

**«ЖЕКПЕ-ЖЕК»**  
Сеанстар сағат 12,30-4,30-да басталады.

### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

**«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»**  
Сеанстар сағат 4,6,20-8,30-10,40-та басталады.